

ТҰРМЫСТЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУ ЖӘНЕ УТИЛИЗАЦИЯЛАУ ЖҮЙЕСІ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЕНГІЗУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Ерлан Майданулы Айтказин¹

Құқық магистрі, «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, Alikhan Bokeikhan University, Семей қ., Қазақстан Республикасы, aytkazin1805@mail.ru

Флюра Галимовна Ибрагимова

Заң ғылымдарының кандидаты, «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, Alikhan Bokeikhan University, Семей қ., Қазақстан Республикасы, flura.77@mail.ru

Динара Багдатовна Разиева

PhD докторы, «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, Alikhan Bokeikhan University, Семей қ., Қазақстан Республикасы, razieva@mail.ru

Аннотация. Мақала мерзімі өткен немесе пайдаланылмаған дәрі-дәрмектерден жинақталған тұрмыстық фармацевтикалық қалдықтардың бақылаусыз шығарылуына байланысты мәселені зерттеуге арналған. Авторлар аталған қалдықтардан келетін қоршаған ортаға зиянды азайтуға мүмкіндік беретін қалдықтарды басқарудың тың әдісін, нақтырақ айтқанда әлемде сәтті қолданылып жүрген тұрмыстық медициналық қалдықтарды жинау және утилизациялау жүйесін елімізде енгізу қажеттігін алға тартып, оның құқықтық қамтамасыз етілуіне қатысты шет елдердегі тәжірибелерге шолу жасаған. Сәтті үлгілер ретінде Еуропа елдерінде қолданыстағы тұрмыстық медициналық қалдықтарды жинау мен утилизациялау жүйелері терең талданады.

Авторлар жүйені сәтті енгізу және оның жұмысын реттеу үшін арнайы заң қабылдап, еліміздің Экологиялық және Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынады. Сонымен қатар, өкілетті органдардың кейбір нормативті актілерін қайта қарап, әзірленуі тиіс заң жобасына тұрмыстық медициналық қалдықтарға анықтама беріліп, қатысушы субъектілер белгіленіп, олардың құқықтары мен міндеттері бекітілуі тиіс деп санайды.

Зерттеу нәтижесінде авторлар жүйені елімізде енгізу мен оны құқықтық қамтамасыз ету ауқымды мемлекеттік деңгейдегі атқарылуы тиіс шараларды және ресурстарды қажет ететінін ескере келе бұл өзгеріс бүгінгі күннің қажеттілігі деген түйінге келген. Авторлардың пікірінше мәселені тек медициналық қалдықтарды дұрыс жою арқылы шешуге болады. Ол үшін мемлекетте тиісті реттеудің құқықтық механизмі болуы тиіс. Ал Қазақстандағы құқықтық реттеу тек денсаулық сақтау ұйымдарынан шығарылатын қалдықтарға қатысты қолданылады. Тұрмыстық жағдайда дәрі-дәрмектің көп қолданылу дәуірінде бұл шешімін табуы тиіс үлкен мәселеге айналуға.

Түйінді сөздер: медицина, медициналық қалдықтар, медициналық тұрмыстық қалдықтар, утилизация, медициналық қалдықтарды жинау жүйесі, дәрі-дәрмектер, қоршаған орта.

¹ Хат-хабарларға арналған автор

СИСТЕМА СБОРА И УТИЛИЗАЦИИ БЫТОВЫХ МЕДИЦИНСКИХ ОТХОДОВ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ, ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ ВНЕДРЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Айтказин Ерлан Майданулы

Магистр права, старший преподаватель кафедры «Гражданско-правовых дисциплин», Alikhan Bokeikhan University, г. Семей, Республика Казахстан, aytказин1805@mail.ru

Ибрагимова Флюра Галимовна

Кандидат юридических наук, заведующая кафедрой «Гражданско-правовых дисциплин», Alikhan Bokeikhan University, г. Семей, Республика Казахстан, flura.77@mail.ru

Разиева Динара Багдатовна

Доктор PhD, старший преподаватель кафедры «Гражданско-правовых дисциплин», Alikhan Bokeikhan University, г. Семей, Республика Казахстан, razieva@mail.ru

Аннотация. Статья посвящена исследованию проблемы, связанной с неконтролируемым выбросом бытовых фармацевтических отходов, накопленных из просроченных или неиспользованных лекарств. Авторы провели обзор зарубежного опыта по его правовому обеспечению, сославшись на необходимость внедрения в стране нового метода обращения с отходами, в частности системы сбора и утилизации бытовых медицинских отходов, успешно доступного в мире, что позволит снизить вред окружающей среде от указанных отходов. В качестве успешных образцов глубоко анализируются существующие в европейских странах системы сбора и утилизации бытовых медицинских отходов.

Авторы предлагают принять специальный закон для успешного внедрения системы и регулирования ее функционирования и внести изменения и дополнения в кодексы об окружающей среде и здоровье народа и системе здравоохранения страны. Кроме того, уполномоченные органы считают, что законопроект, который должен быть пересмотрен и разработан некоторыми нормативными актами, должен содержать справку о бытовых медицинских отходах, устанавливаться субъектами-участниками, закреплять их права и обязанности.

В результате исследования авторы пришли к выводу, что это изменение является необходимостью сегодня, учитывая, что внедрение системы в стране и ее правовое обеспечение требуют мер и ресурсов, которые должны быть выполнены на крупномасштабном государственном уровне. По мнению авторов, проблему можно решить только путем правильной утилизации медицинских отходов. Для этого в государстве должен быть правовой механизм соответствующего регулирования. А правовое регулирование в Казахстане действует только в отношении отходов, вывозимых из организаций здравоохранения. В эпоху интенсивного использования лекарств в бытовых условиях это становится большой проблемой, которую необходимо решить.

Ключевые слова: медицина, медицинские отходы, медицинские бытовые отходы, утилизация, система сбора медицинских отходов, лекарства, окружающая среда.

THE SYSTEM OF COLLECTION AND DISPOSAL OF HOUSEHOLD MEDICAL WASTE: CURRENT STATE, LEGAL REGULATION AND PROSPECTS OF IMPLEMENTATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Aytkazin Yerlan Moidanuly

Master of law, Senior Lecturer of the Department of «Civil Law Disciplines», Alikhan Bokeikhan University, Semey city, Republic of Kazakhstan, aytkazin1805@mail.ru

Ibragimova Flyura Galimovna

Candidate of Legal Sciences, Head of the Department of «Civil Law Disciplines», Alikhan Bokeikhan University, Semey city, Republic of Kazakhstan, flura.77@mail.ru

Razieva Dinara Bagdatovna

PhD, Senior Lecturer of the Department of «Civil Law Disciplines», Alikhan Bokeikhan University, Semey city, Republic of Kazakhstan, razieva@mail.ru

Abstract. *The article is devoted to the study of the problem associated with the uncontrolled release of household pharmaceutical waste accumulated from expired or unused medicines. The authors conducted a review of foreign experience in its legal support, referring to the need to introduce a new method of waste management in the country, in particular, a system for collecting and disposing of household medical waste, which is successfully available in the world, which will reduce environmental damage from these wastes. The existing systems of collection and disposal of household medical waste in European countries are analyzed in depth as successful samples.*

The authors propose to adopt a special law for the successful implementation of the system and regulation of its functioning and to amend and supplement the codes on the environment and the health of the people and the country's health system. In addition, the authorized bodies consider that the draft law, which should be revised and developed by some regulatory acts, should contain a certificate on household medical waste, be established by the participating entities, and consolidate their rights and obligations.

As a result of the study, the authors concluded that this change is necessary today, given that the implementation of the system in the country and its legal support require measures and resources that must be implemented at a large-scale state level. According to the authors, the problem can be solved only by proper utilization of medical waste. For this purpose, the state should have a legal mechanism of appropriate regulation. And legal regulation in Kazakhstan operates only in relation to waste exported from health care organizations. In the era of intensive use of medicines in households, this becomes a big problem that needs to be solved.

Keywords: *medicine, medical waste, medical household waste, recycling, medical waste collection system, medicines, environment.*

DOI: 10.52026/2788-5291_2024_78_3_115

Кіріспе

Бүгінгі таңда көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда да медициналық қалдықтардан келетін нақты және ықтимал қауіптерге қоғаммен де, мемлекет тарапынан да тиісті баға берілмей келеді. Медициналық қалдықтармен жұмыс істеу мәселесі ерекше гигиеналық, эпидемиологиялық, экологиялық және әлеуметтік сипатқа ие, сонымен қатар инфекцияның таралуы және радиоактивтілік сияқты ықтимал, бірақ өте нақты қауіп факторлары да бар. Сондықтан,

мұндай қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін оның барлық кезеңдерінде, әсіресе тасымалдау және залалсыздандыру кезінде ұйымдастыру тек санитарлық қана емес, сонымен бірге табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігін болжайды.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығының мамандары қоқыс полигондарына тасталған тұрмыстық дәрі-дәрмек қалдықтары қауіпті химиялық қосылыстар шығаруы мүмкін екенін ескертуде. Сарапшылар қазақстан-

дықтарға үйде медициналық және дәрілік қалдықтармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтауды ұсынады.

Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті де қазақстандықтарға препараттарды тұрмыстық жағдайда зарарсыздандыру үшін қосымша паракпен танысуға кеңес береді. Ол әр дәрі-дәрмектің қаптама-сында бар. Онда үйдегі дәрі-дәрмектерді жою туралы ақпарат көрсетілген. Сонымен қатар дәріні қалай дұрыс тастау керектігін дәріхана қызметкерінен де нақтылауға болады².

Алайда, аталған қалдықтарды тұрмыстық жағдайда еліміздің тұрғындарымен қалай жойылатындығы айтпаса да түсінікті, берілген кеңестер мен ұсыныстар ескерусіз қалуда. Бұл мәселе туралы күнделікті өмірде адамдар көп ойлана бермейді: үйдегі дәрі-дәрмек сақтағыштарды қайта қарау кезінде көпшілік дәрі-дәрмектерді өздері үшін әдеттегі әдіспен тастайды. Осыдан кейін дәрілік формулалардың ыдырамаған элементтері топыраққа, жер асты суларына, су қоймалары мен құбырларына түседі. Бұл мәселенің көтерілгеніне Еуропада біраз жылдар болды, ал Қазақстанда әлі де ескерусіз қалып отыр.

Еуропаның материктік суларының шамамен 50 пайызы қанағаттанарлықсыз химиялық құрамға ие: суда, балықта және ұлуларда антидепрессанттардың, антибиотиктердің, қабынуға қарсы препараттардың және гормоналды препараттардың элементтері табылған. Халықаралық табиғатты қорғау одағы жақында осы статистиканы көрсеткен 20 жылдық зерттеу циклін аяқтады³.

Мамандардың пікірінше, бұл мәселені тек медициналық қалдықтарды дұрыс жою арқылы шешуге болады. Ол үшін мемлекетте тиісті реттеудің құқықтық механизмі болуы тиіс. Ал Қазақстандағы құқықтық реттеу тек денсаулық сақтау ұйымдарынан шығарылатын қалдықтарға қатысты қолданылады. Тұрмыстық жағдайда дәрі-дәрмектің көп қолданылу дәуірінде бұл шешімін табуы тиіс үлкен мәселеге айналады.

Мақалада қойылып отырған мақсат - аталған қалдықтардан келетін қоршаған ортаға зиянды азайтуға мүмкіндік беретін қалдықтарды басқарудың тың әдісін ұсыну. Нақтырақ айтқанда әлемде сәтті қолданылып жүрген тұрмыстық медициналық қалдықтарды жинау және утилизациялау

жүйесін елімізде енгізу мүмкіндіктерін қарастыру мен оны құқықтық қамтамасыз ету жолдарын ұсыну.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы дайындау үшін материалдар ретінде Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық және медициналық қалдықтарды басқаруды реттейтін заңнамалық база, шет елдердегі тұрмыстық медициналық қалдықтарды жою қызметін реттейтін ұлттық заңнамалар, зерттеулер мен статистикалық мәліметтер пайдаланылды.

Жұмыста пайдаланылған саяси-құқықтық талдау, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістерінің көмегімен зерттеуде Қазақстандағы медициналық қалдықтардың айналымы мен утилизациялауды құқықтық реттеудің мәселелері мен перспективалары, сондай ақ шет елдердегі тұрмыстық медициналық қалдықтарды басқару жүйелері, оны реттейтін ұлттық заңнамалар талданды. Зерттеу барысында статистикалық мәліметтер мен ғылыми ақпарат көздерінің аналитикалық әдісі қолданылды.

Талқылау

Дәрілік заттарды тұтынудың өсу себептері белгілі. Әлемде созылмалы аурулары бар адамдар көбейіп келеді. Көптеген дамыған елдерде жаңа дәрі-дәрмектер мен арзан генериктер пайда болып, емдеуді көбірек адамдар үшін қол жетімді етті. Дәрігерлер терапия үшін дәрі-дәрмектердің артық және әрдайым негізделмеген мөлшерін тағайындауы да тәжірибеге айналған. Антибиотиктерді, антидепрессанттарды, вирусқа қарсы және басқа препараттарды бақылаусыз қолдану барлық жерде байқалады. Сондай-ақ, көп жағдайда дәрі-дәрмектер дәрігердің нұсқауы бойынша емес, өзін-өзі емдеу немесе «профилактикалық» мақсаттар үшін, сондай-ақ артық салмақтан арылу, тонус, жақсы көңіл-күй, физикалық және психикалық белсенділік үшін қабылданады. Мұндай үрдіс Қазақстанда да байқалады.

Мерзімі өткен немесе пайдаланылмаған дәрі-дәрмектерден жинақталған тұрмыстық фармацевтикалық қалдықтар емдеу тұрғысынан пайдасын жойып қана қоймайды, сонымен қатар дұрыс емес жолмен жойылған кезде қоршаған ортаның ластануына әсер етеді. Аталған қалдықтар тұрмыстық қатты

² Какую угрозу несут выброшенные просроченные лекарства. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: https://pharmnewskz.com/ru/news/kakuyu-ugrozu-nesut-vybroshennyye-prosrochennyye-lekarstva_20178 (жүзінген күні: 12.09.2023).

³ Чем опасны бытовые медицинские отходы. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: <https://mk-kz.kz/social/2022/09/14/chem-opasny-bytovyye-meditsinskyye-otkhody.html> (жүзінген күні: 15.09.2023).

қалдықтармен бірге тасталынып, полигондарға жіберілсе немесе заңсыз төгілсе олардың ашық қоршаған ортаға түсуіне әкеледі. Экологиялық қауіптерден басқа, пайдаланылмаған немесе мерзімі өткен дәрі-дәрмектер денсаулық сақтау ресурстарын ысырап етіп қана қоймайды, сонымен қатар қоқыс жәшіктерінен алынған жағдайда кездейсоқ немесе қасақана дұрыс пайдаланбау және улану салдарынан қоғамдық денсаулыққа қауіп төндіреді. Сол себепті де мемлекеттердің қалдықтарды басқару саясатының маңызды міндеті тұрмыстық фармацевтикалық қалдықтарды тиімді жинау мен экологиялық таза жолмен қайта өңдеуді қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен қатар, медициналық қалдықтар қауіпті биомедициналық қалдықтардың пайда болу көзі болып табылады. Медициналық қалдықтардың пайда болуы мен жойылуы, әсіресе гигиенасы нашар және халқы көп елдерде маңызды аспект болып табылады [1].

Әлемде жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне сәйкес тағайындалған дәрі-дәрмектердің мөлшермен 3% - дан 50% - на дейінгі көлемі тұрмыстық фармацевтикалық қалдықтардың қатарына қосылады екен. Мысалға АҚШ-та рецепт бойынша жіберілген дәрі-дәрмектердің 1/3 бөлігі қалдықтарға айналады, ал Францияда жылына 17600 тонна тұрмыстық медициналық қалдық шығарылады екен, бұл адам басына шаққанда 260 г. мөлшерінде⁴.

Қазақстанда мұндай зертеу түрлері жүргізілмеген.

Сондықтан, көптеген елдерде адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау мақсатында фармацевтикалық қалдықтарды басқару туралы заңнама қабылданған болатын. 2001/83/ЕО және 2001/82/ЕО директиваларына сәйкес Еуропалық Одаққа мүше әрбір мемлекет мерзімі өткен немесе пайдаланылмаған фармацевтикалық препараттарды жинау жүйесін құруы тиіс. Мысалға, Швецияда тұрғындар пайдаланылмаған дәрі-дәрмектерді дәріханаларға қайтаруға міндетті. Дәріханалар үйде, кейіннен дәріханаға жеткізу үшін пайдаланылмаған дәрі-дәрмектерді сақтауға болатын арнайы мөлдір полиэтилен пакеттерін ұсынады. Қайтарылған фармацевтикалық препараттар мөрленген қораптарға салынып, көтерме саудагерлер оларды арнайы бөлінген жану

станцияларына жеткізуді ұйымдастырады, содан кейін қалдықтар бақыланатын жоғары температурада жағылады және ауаға шығар алдында тазартылады. Жүйе мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады. Осыған ұқсас жүйе Литвада жұмыс істейді, онда қалдықтар, яғни сатылмаған, мерзімі өткен фармацевтикалық препараттар өндірушілерге немесе фармацевтикалық қалдықтарды жоюмен айналысатын компанияға қайтарылады [2].

Еуропадағы үздік тәжірибенің бірі ретінде Франция мемлекетіндегі жұмыс істеп тұрған жүйені де қарастыруға болады. Бұл елде тұрғындар пайдаланылмаған дәрі-дәрмектер мен жарамдылық мерзімі өткен дәрі-дәрмектерді дәріханаларға қайтаруға міндетті, олар француздық «Cyclamed» жинау схемасы бойынша жиналады. Өткір заттарды (инелер мен шприцтер) «DASTRIX» деп аталатын басқа жинау схемасына сәйкес тұрғындарға таратылатын арнайы контейнерлерде дәріханаларға қайтарылады. Мемлекеттегі жүйе әлемдегі ең үздіктерінің бірі, пайдаланылмаған дәрі-дәрмектерді халықпен қайтару көрсеткіштері жоғары. Жүйенің ұйымдастырылуы мен қамтуы ұлттық деңгейде, жинау орталықтары дәріханалар, фармацевтикалық өнеркәсіптік топтармен қаржыландырылады.

АҚШ-та нақты тұрмыстық фармацевтикалық қалдықтарды басқарудың бірыңғай ұлттық жүйесі жоқ, нақты бір заң қабылданбаған. Алайда АҚШ пайдаланылмаған дәрі-дәрмектерді дәріханалар мен арнайы мекемелерге қайтару жағынан әлемдегі алдыңғы қатардағы елдердің бірі. Оның себебі қоғамдық белсенділік пен үкіметтік емес ұйымдар мен дәріханалардың аталған қалдықтарды халықтан жинауға белсенді ат салысуында. Ел бойынша дәрі-дәрмектерді қайтаруға арналған көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады [3].

АҚШ есірткіге қарсы күрес басқармасы демеушісі болып табылатын ұлттық дәрі-дәрмектерді қайтару күні бар. Әдетте, мұндай іс-шаралар сәуір және қазан айларында бүкіл ел бойынша қоғамдық және ауруханалық дәріханаларда өткізіледі. Елдегі кейбір ірі желілік дәріханалар өз дүкендерінде дәрі-дәрмектерді жою машиналарын орнатқан. Қалалық дәріханаларда қалаған адам ала алатын утилизациялау пакеттері тұрады. Бұл пакет-

⁴ OECD. *Management of Pharmaceutical Household Waste: Limiting Environmental Impacts of Unused or Expired Medicine*. Paris: OECD Publishing. – [Электронды ресурс] - Айналыс режисімі: <https://www.oecd-ilibrary.org/sites/3854026c-en/index.html?itemId=/content/publication/3854026c-en> (жүгінген күні: 10.10.2023).

терде дәрі-дәрмектерді қауіпсіз тасымалдауға мүмкіндік беретін ұнтақ бар⁵.

Осыған ұқсас жағдай Жапония мемлекетінде де қалыптасқан. Жапония әлі де ережелерді әзірлеудің бастапқы сатысында, бірақ оның қайта өңдеу схемалары қазірдің өзінде тиімді жұмыс істеуде, ондағы жүйе негізінен ерікті және американдық үлгіге ұқсас [3].

Жүргізілген зерттеулердегі сауалнамалар нәтижелеріне сәйкес Еуропа елдерінде пайдаланылмаған дәрі-дәрмектерді дәріханаларға қайтару үрдісі ең жоғары, ол көрсеткіш Германияда 29%, Швецияда - 43%, Нидерланды мемлекетінде - 58% құраған [4]. Сонымен қатар, Австралияда жүргізілген осындай зерттеулер 23% [5], Жаңа Зеландияда 24% көрсеткен [6].

Қазақстандағы жағдайға келетін болсақ мемлекетте медициналық қалдықтарды жою тәртібін реттейтін заңнама тек денсаулық сақтау ұйымдарынан шығарылатын қалдықтарға қатысты қолданылады. Қазіргі уақытта елімізде медициналық ұйымдардың қызметі процесінде пайда болатын қалдықтарды жинау, пайдалану, залалсыздандыру, тасымалдау, сақтау мен көму ҚР Экологиялық кодексі⁶ және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» түріндегі санитариялық қағидаларға⁷ сәйкес жүзеге асырылуда.

Қазақстанда медициналық қалдықтарды сақтауға арналған арнайы полигондар жоқ. Осыған байланысты зарарсыздандыру процестерінен кейін қалдықтарды қауіпті қалдықтар қатарына жатпауына байланысты жалпы қоқыс полигондарына орналастыруға рұқсат етілген.

Пайдаланылған немесе мерзімі өткен дәрі-дәрмектердің қоршаған орта мен адам үшін айқын қауіптілігіне қарамастан, ұлттық заңнама тұрмыстық жағдайда шығарылатын бұл қалдықтарға қатысты мәселені әлі реттемеген. Тіпті мемлекет тұрғындарында көптеген елдерде қабылданғандай медициналық қалдықтарды немесе жарамдылық мерзімі өткен дәрі-дәрмектерді қайда өткізу туралы нұсқаулық та жоқ.

Көптеген елдерде дәріханалар мен медициналық мекемелерде қажетсіз немесе мерзімі өткен дәрі-дәрмектерді жинауға арналған арнайы контейнерлер орнатылған. Стационарлық қабылдау пункттерінің қызметкерлері таблеткаларды, ампулаларды, жақпаларды дербес сұрыптайды және оларды утилизацияға жібереді. Біздің елде мұндай тәжірибе әлі енгізілген жоқ.

Елде өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды басқарудың мемлекеттік жүйесі жоқ екенін ескере отырып, қазіргі кезде медициналық қалдықтарды тиісінше утилизациялау мәселесі азаматтардың денсаулығына ғана емес, қоршаған ортаға да ықтимал қауіп төндіру себепті өзекті мәселелердің біріне айналған. Медициналық қалдықтарды утилизациялау ережелері мен қауіпсіздік шараларын бұзу елімізде жиі орын алуда [7].

Нәтижелер

Медициналық қалдықтармен жұмыс істеу бойынша қолданыстағы нормативтік - құқықтық базаны талдау оның жетілмегендігін және бірқатар шет елдердің тәжірибесін ескере отырып, заманауи басқару тәсілдері мен ұйымдастыру әдістерін қолдана отырып пысықтауды қажет ететіндігін көрсетеді.

Пайдаланылған немесе мерзімі өткен дәрі-дәрмектердің қоршаған орта мен адам үшін айқын қауіптілігіне қарамастан, ұлттық заңнама тұрмыстық жағдайда шығарылатын бұл қалдықтарға қатысты мәселені әлі реттемеген. Көптеген елдерде қабылданғандай аталған қалдықтарды қайда өткізу туралы нұсқаулық та жоқ. Бүгінгі күнге елімізде пайдаланылған немесе мерзімі өткен дәрі-дәрмектерді тұрмыстық жағдайда зарарсыздандырудың жалғыз нұсқаулығы дәрі қоршағындағы нұсқаулық болып отыр.

Сарапшылардың пікірінше, бұл мәселені тек қалдықтарды дұрыс жою арқылы шешуге болады. Егер препарат суда еритін болса және дәрі-дәрмек өндірушісі оны кәрізге төгуге нұсқаулық берсе, тұтынушы мұны жасай алады. Бірақ, бұл барлық дәрі-дәрмектермен жұмыс істемейді. Жағдайды нашарлататын нәрсе жоғарыда атап өткендей - елдегі құқықтық реттеу тек ауруханаларда пайда болатын қалдықтарға таралады.

⁵ Walgreens Implements Safe Drug Disposal Options for Customers in All of Its Pharmacies. – [Электронды ресурсы] - Айналыс режими: <https://www.businesswire.com/news/home/20190624005104/en/> (жүзінген күні: 02.10.2023).

⁶ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (жүзінген күні: 10.10.2023).

⁷ «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021080> (жүзінген күні: 10.10.2023).

Соңғысы қоқысты дезинфекциялап, оны утилизациялау үшін тиісті ұйымдарға беруі керек. Қоқысты алып жатқан ұйымдар оны шынымен жойып жатыр ма, өз міндеттерін жауапты атқарып жатырма – бұл бір бөлек мәселе. Себебі Қазақстанда медициналық қалдықтардың санкцияланбаған үйінділері бірнеше рет табылған болатын⁸⁹¹⁰¹¹¹².

Қорытынды

Қазіргі уақытта қалдықтарды жою, оның ішінде медициналық қалдықтарды жою әлемдік деңгейдегі мәселе болып табылады. Қазақстанға да бұл мәселені шешу оңай болмай отыр. Медициналық қалдықтарды олар пайда болған сәттен бастап жойылуға немесе утилизацияға дейін тиімді басқару қалдықтармен жұмыс істеудің барлық кезеңдерінде ғылым мен тәжірибенің заманауи жетістіктері негізінде жүйелі тәсілді әзірлеу және оны тәжірибеге енгізу шартымен ғана мүмкін болатыны анық. Медициналық қалдықтардың адамға және табиғатқа әсер етуінің салдарымен күресудің құқықтық тетіктерін әзірлеу және имплементациялау мәселемен кешенді күресудің бір қыры болып табылады.

Жоғарыда атап өткендей бүгінгі күнге Қазақстанда пайдаланылған немесе мерзімі өткен дәрі-дәрмектерді тұрмыстық жағдайда зарарсыздандырудың жалғыз нұсқаулығы дәрі қорапшасындағы нұсқаулық болып отыр. Бұл осы бағыттағы ұлттық жүйедегі олқылық деп санаймыз.

Сондықтан, аталған қалдықтардан келетін қоршаған ортаға зиянды азайтуға мүмкіндік беретін қалдықтарды басқарудың тың әдісі қажет. Нақтырақ айтқанда әлемде сәтті қолданылып жүрген тұрмыстық медициналық қалдықтарды жинау және утилизациялау жүйесін елімізде енгізу керек деп санаймыз.

Жүйені әрине ұлттық заңнаманың ерекшеліктерін, елдің экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып енгізу міндетті талап. Шет елдердегі сәтті үлгілерге келетін болсақ

бұл әрине Еуропа елдерінде қолданыстағы тұрмыстық медициналық қалдықтарды жинау мен утилизациялау жүйелері. Оның ішінде жоғарыда қарастырылған шведиялық модель бізде қолдануға қолайлы болуы мүмкін. Ол бойынша тұрғындар пайдаланылмаған (біздің жағдайды мерзімі өткен және пайдаланылғаннан қалған дәрі-дәрмектерді де) дәріханаларға қайтаруға міндетті. Дәріханалар үйде, кейіннен дәріханаға жеткізу үшін қалдықты сақтауға болатын арнайы мөлдір полиэтилен пакеттерін ұсынады. Қайтарылған фармацевтикалық препараттар мөрленген қораптарға салынып, көтерме саудагерлердің ұйымдастыруымен арнайы бөлінген жану станцияларына жеткізу ұйымдастырылады, содан кейін олар бақыланатын жоғары температурада жағылады және ауаға шығар алдында тазартылады. Жүйе мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады.

Бұл жердегі жаңа енгізілетін жүйенің басты міндеті – үйден шыққан медициналық қалдықтарды утилизациялаумен айналысатын ұйымдарға дейін жеткізу. Яғни қалдықтар тұрмыстық емес, медициналық қалдықтардың қатарына қосылуы тиіс және тиісінше утилизация жасалынуы керек. Жауапты қатысушылар мемлекет тұрғындары, дәріханалар, дәрі өндірушілер немесе көтерме саудагерлер және өкілетті мемлекеттік орган болады. Қаржыландыруға келетін болсақ шығындар мемлекет бюджеті есебінен жүзеге асуы тиіс деп санаймыз. Себебі шет елдік тәжірибе көрсеткендей дәріханалар мен дәрі өндірушілерге мұндай қаржылық шығындарды жүктеу болашақта бәрі-дәрмек бағасының қымбаттауына әкелген.

Жүйенің жұмысын реттеу үшін арнайы заң қабылданып, Экологиялық және Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі тиіс. Сонымен қатар өкілетті органдардың кейбір нормативті актілердің қайта қарау қажет болады. Мысалы: 2020

⁸ Выявлена несанкционированная свалка медицинских отходов. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/press/news/details/481367?lang=ru> (жүзінген күні: 18.10.2023).

⁹ Медициналық қалдықтардың утилизациясын заңсыз жүргізген ШҚО компаниялары тексерілді. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: https://kaz.inform.kz/news/medicinalyk-kaldyktardyn-utilizaciyasyn-zansyz-zhurgizgen-shko-kompaniyalary-tekseriledi_a3960875/ (жүзінген күні: 18.10.2023).

¹⁰ Недалеко от столицы Казахстана найдены несанкционированные свалки медицинских отходов. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: <https://mk-kz.kz/social/2020/09/25/nedaleko-ot-stolicy-kazahstana-naydeny-nesankcionirovannye-svalki-medicinskikh-otkhodov.html> (жүзінген күні: 18.10.2023).

¹¹ Алихан Смаилов: Акиматы должны ликвидировать все несанкционированные свалки. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: <https://primeminister.kz/ru/news/alihan-smailov-akimaty-dolzhy-likvidirovat-vse-nesankcionirovannye-svalki-1511718> (жүзінген күні: 18.10.2023).

¹² Мусорная коррупция: почему в Казахстане продолжают расти свалки. – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: <https://orda.kz/musornaja-korrupcija-pochemu-v-kazahstane-prodolzhajut-rasti-svalki/> (жүзінген күні: 18.10.2023).

жылғы 25 желтоқсандағы Денсаулық сақтау министрінің «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығын, 2020 жылғы 17 қыркүйектегі Денсаулық сақтау министрінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын, 2021 жылғы 7 шілдедегі Денсаулық сақтау министрінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрықты.

Өзірленуі тиіс заң жобасына келетін болсақ мысалы ол - «Тұрмыстық медициналық қалдықтарды жинау және утилизациялау қызметін реттеу» туралы заң болуы мүмкін. Онда тұрмыстық медициналық қалдықтарға анықтама беріліп, қатысушы субъектілер белгіленеді, олардың құқықтары мен міндеттері бекітілетін болады.

ҚР Экологиялық кодексінің 320,321,322 баптарына нақты тұрмыстық медицина-

лық қалдықтарды жинау және тасымалдау үшін қажет өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі қажет болады. Осындай толықтырулар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 1,100,101 баптарына да қажет.

«Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы бұйрығының 1 тармағының 2 тармақшасына «тұрмыстық медициналық қалдықтар» анықтамасын енгізу және 3-тарауда бекітілген «Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың» қатарын толықтыру қажет.

Жалпы, жүйені елімізде енгізу мен оны құқықтық қамтамасыз ету ауқымды мемлекеттік деңгейдегі атқарылуы тиіс шараларды және ресурстарды қажет ететінін түсінеміз. Алайда, бұл жүйені енгізу - бүгінгі күннің қажеттілігі болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Padmanabhan K.K., Debabrata Barik. *Health Hazards of Medical Waste and its Disposal. // Energy from Toxic Organic Waste for Heat and Power Generation. Published online 2018 Nov 9. – 2019 – p. 99-118.*
2. Rogowska J., Zimmermann A., Muszyńska A., Ratajczyk W., Wolska L. *Pharmaceutical Household Waste Practices: Preliminary Findings from a Case Study in Poland. // Environ Manage. Vol 64 No 1 – 2019 – p. 97-106.*
3. Khalid M Kamal, Marco Chiumente, Sari Nakagawa, Vincent Giannetti, Taylor Marlin. *Disposal practices for unused and expired medications: pilot data from three cities in three countries. // GMS Health Innovation and Technologies. Volume 16 – 2022 – p. 1-7.*
4. Faez Alnahas, Prince Yeboah, Louise Fliedel, Ahmad Yaman Abdin, Khair Alhareth. *Expired Medication: Societal, Regulatory and Ethical Aspects of a Wasted Opportunity. // International Journal of Environmental Research and Public Health. Vol 17 No 3 – 2020 – p. 2-17.*
5. Bettington E, Spinks J, Kelly F, Gallardo-Godoy A, Nghiem S, Wheeler AJ. *When is a medicine unwanted, how is it disposed, and how might safe disposal be promoted? Insights from the Australian population. // Aust Health Rev. Vol 42 No 6 – 2018 – p. 709-717.*
6. Tong AY, Peake BM, Braund R. *Disposal practices for unused medications in New Zealand community pharmacies. // J Prim Health Care. Vol 3 No 3 – 2011 – p. 197-203.*
7. Нукушева А.А., Байсалова Г.Т., Бейсенбаева М.Т. *Правовое регулирование обращения и утилизации медицинских отходов: опыт Китая и возможности его применения в Казахстане. // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. №1 (72) – 2023 – с. 186-195.*

REFERENCES

1. Padmanabhan K.K., Debabrata Barik. *Health Hazards of Medical Waste and its Disposal. // Energy from Toxic Organic Waste for Heat and Power Generation. Published online 2018 Nov 9. – 2019 – p. 99-118.*

2. Rogowska J., Zimmermann A., Muszyńska A., Ratajczyk W., Wolska L. *Pharmaceutical Household Waste Practices: Preliminary Findings from a Case Study in Poland.* // *Environ Manage.* Vol 64 No 1 – 2019 – p. 97-106.

3. Khalid M Kamal, Marco Chiumente, Sari Nakagawa, Vincent Giannetti, Taylor Marlin. *Disposal practices for unused and expired medications: pilot data from three cities in three countries.* // *GMS Health Innovation and Technologies.* Volume 16 – 2022 – p. 1-7.

4. Faez Alnahas, Prince Yeboah, Louise Fliedel, Ahmad Yaman Abdin, Khair Alhareth. *Expired Medication: Societal, Regulatory and Ethical Aspects of a Wasted Opportunity.* // *International Journal of Environmental Research and Public Health.* Vol 17 No 3 – 2020 – p. 2-17.

5. Bettington E, Spinks J, Kelly F, Gallardo-Godoy A, Nghiem S, Wheeler AJ. *When is a medicine unwanted, how is it disposed, and how might safe disposal be promoted? Insights from the Australian population.* // *Aust Health Rev.* Vol 42 No 6 – 2018 – p. 709-717.

6. Tong AY, Peake BM, Braund R. *Disposal practices for unused medications in New Zealand community pharmacies.* // *J Prim Health Care.* Vol 3 No 3 – 2011 – p. 197-203.

7. Nukusheva A.A., Bajsalova G.T., Bejsenbaeva M.T. *Pravovoe regulirovanie obrashhenija i utilizacii medicinskih othodov: opyt Kitaja i vozmozhnosti ego primenenija v Kazahstane.* // *Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan.* №1 (72) – 2023 – s. 186-195.

